

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Азаматтық авиация комитеті мен Көліктік бақылау комитетінің жекелеген
мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 599 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы
№ 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми
жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің
мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20
қарашадағы N 1756 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1 . < * >

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232
қ а у л ы с ы м е н .**

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай
өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201
қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995
жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының
ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне
лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (
лицензиялардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 3 - жолда:

2-бағандағы "және туризм" деген сөздер алынып тасталсын;

3 - б а ғ а н д а :

"әуе көлігімен", "авиациялық жұмыстар", "әуежайларда жолаушылар мен
жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызмет" деген сөздер алынып
т а с т а л с ы н ;

"қауіпті жүктерді" деген сөздерден кейін "әуе көлігінен басқа" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 37-жолмен толықтырылсын:

"37. Қазақстан
Республикасы Көлік
және коммуникациялар
министрлігінің
Азаматтық авиация

әуе көлігімен жолаушылар мен жүктерді
тасымалдау, әуе көлігімен қауіпті
жүктерді тасымалдау, авиациялық
жұмыстар, әуе кемелеріне,
жолаушыларға және әуежайлардағы комитеті
жүктерге қызмет көрсетуге байланысты
"әуежайлық қызмет";
2) < * >

ЕСКЕРТУ. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N
1 2 3 2 қ а у л ы с ы м е н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*